«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, 200000, Ұлытау облысы,
Жезқазған қаласы, Мира даңғылы, 26/4
тел: 8 (7102) 73-49-73, 73-49-64
БСН 220740001058
e-mail: ulytausport@mail.ru

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»

Республика Казахстан, 200000, область Ұлытау,
город Жезказган, проспект Мира, 26/4
тел: 8 (7102) 73-49-73, 73-49-64
БИН 220740001058
e-mail: ulytausport@mail.ru

27.06.2025 № 01-28/129

“Арман асуы” қоғамдық қорының өкілінің арызы бойынша
Арызға жауап

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 46-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсатында, жұмыс тәжірибесі тек мемлекеттік сатып алу шеңберінде орындалған шарттар және мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінде мәліметтері бар шарттар бойынша ғана есепке алынады.

Аталған тармақ жұмыс тәжірибесі критерийі бойынша шартты жеңілдікті алу үшін ұсынылған өзге де құжаттарды қабылдамауды көздейді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 218-тармағына сәйкес, конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің бар-жоғын қарау кезінде конкурстық комиссия (веб-портал) тек осы конкурс аясында сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығындағы, соның ішінде ұқсас жұмыс пен қызмет түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды (қолданады).

Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурстық өтінімдерді мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік сатып алу конкурстық құжаттамасының 21-қосымшасына сәйкес көрсетілген қызметтер бойынша бағалайды.

Жұмыс тәжірибесі критерийі бойынша балл беру үшін 21-қосымшадағы ескертпеге сәйкес, сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері табылады, оларды әлеуетті өнім беруші «Ұлытау» футбол клубы» ҚҚ ұсынған. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу шартының ұсынылуы міндетті талап болып табылмайды.

Басшы **М.Айдашев**

000472